

Литература

1. Краевой С.Я. Защитное лесоразведение в полупустыне. М.: «Лесная промышленность», 1968, 116 стр.
2. Пашковский К.А. «Опыт посева саксаула в Казахстане» Алма Ата, 1989.-23стр.
3. Пашковский К.А., Шацкий М.Г. «Сроки посева и уход за культурами саксаула черного в северном Приаралье» 1991
4. Беркинбаев Ф.Б., Вибе Г.Г., Утешкалиев М.Д. «Рост саксаула черного в зависимости от способа выращивания» сборник вып.108. 84 стр.

Касенова Г.А., Байтасов М.О.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ҮШТӨБЕ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ЖАҒДАЙЫНДА СЕКСЕУІЛДІҢ КӨЛЕҢКЕСІНДЕГІ ЖӘНЕ АШЫҚ ЖЕРДЕГІ ТОПЫРАҚ БЕТІНІҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

Аңдатпа

20 жылдық сексеуіл ағашының көлеңкесінің тиімділігі 7-жылдық қара ағаштың көлеңкесімен пара-пар болатындықтан және көлеңкесінің астындағы топырақ температурасы 40,2 - 41,3% дейін төмендейтіндіктен, мал көлеңкелейтін жатақ ретінде пайдалануға мүмкін екендігін көрсетеді.

Кілт сөздер: Сексеуіл ағашының көлеңкесінің тиімділігі қара ағаштың көлеңкесімен пара-пар болатындықтан. Қара ағаш, сексеуіл.

Kasanova G.A., Baitassov M.O.

MODIFICATION OF SOIL SURFACE TEMPERATURE IN THE SHADOW OF SAXAUL PLANTATIONS AND IN THE OPEN AREAS OF USHTOBE STATE FORESTRY

Annotation

Since shadow effect of 20 year saxaul plantations are equal to shadow forming ability of 7 year squat elm plantings and the surface temperature of the soil under saxaul plantations is reduced by 40,2-41,3%, these facts prove that they can be used to create natural umbrellas for animal breeding at pastures and farms.

Key words: shadow effect of saxaul plantations are equal to shadow forming ability of squat elm plantings, squat elm, saxaul.

УДК636.23/28.084

Кусаинов Н.Е.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕРДІ ТҮГЕНДЕУДЕ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДА АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация

Мақалада жер ресурстарының сапалық жағдайы және электронды нысанда жер-кадастрлық мәліметтер туралы (Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі) МЖК ААЖ қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату келтірілген.

Кілт сөздер: Жер учаскесінің кадастрлық номері, кадастрлық құжаттар, сапалы бағалау.

Кіріспе

Әр мемлекеттің тағдырында негізгі рольды жер ойнайды, ол өзінің пайда болу және қызмет көрсету мүмкіндігін анықтайтын фактор болып табылады.

Эффектілікте көтеру және мемлекеттік басқару сапасы, т.с.с. ұлттық ресурстар біріккен ақпараттық жүйемен бірге орта мемлекеттік басқару жүйесін құру, «Қазақстан-2030» стратегиясының ұзақ мерзімді приоритеті болып табылады.

«Қазақстандықтардың көңілін алатын сұрақ - жер туралы сұрақ. Онымен елдің салт-дәстүрлері және адам тағдырлары байланысқан, олардың келешек ұрпақ алдында жауапкершілігі», - ҚР-ның Президентінің Н.А.Назарбаев өз үндеуінде ерекшелеп айтты.

Қазақстан Республикасы дүние жүзіндегі жермен қамтамасыздандырылған елдердің бірі болып табылады. Біздің ел дүние жүзінде тоғызыншы орында, ал бұрынғы одақтан Ресей Федерациясына ғана жол береді. Республиканың жер қоры 271287 мың га құрайды. Ауыл шаруашылығына арналған жердің ауданы 201099,5 мың га, бұл барлық жер қорының 74 пайызын құрайды.

Мемлекеттік жер кадастрының өзіндік ерекшелігі және жерге орналастырушылық құқықтық реттеу заты сияқты жер ресурстарын басқаруда тәуелсіз құқықтық институттың пайда болуын және дамуын шарттайды.

Жер реформаларының басталуымен нарықтық өзгеріс рамкаларында жерге орналасу және мемлекеттік жер кадастрының принципті жаңа көптеген қатынастарында құрылу үшін экономикалық, ұйымдық-нормативтік шарттар пайда болды, олар қазіргі нарық қатынастарының дамуына нақты әсер ете алады.

Қазіргі заманғы жер кадастрының және жер орналасушылықтың мазмұнын түсіну үшін және олардың мүмкіншіліктерін жер қатынастарын тәртіпке келтіру бойынша бірінші деңгейлі талап, дүние жүзінің тәжірибесі және қазіргі заманғы кадастр жүйелерінің анализдарын оқып үйрену болып табылады. Мұндай әдістеме жоспарын, приоритеттерін оқып үйренуге және негізгі мақсаттарымен міндеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жаңа заңнама бойынша жер учаскесі және оған құқық негізгі объектілер болып табылады, соған байланысты көптеген түрлі жер қатынастары пайда болады. Сондықтан нақты бекіту және мүлік иелері, жерді қолданушылардың құқықтарын қорғау туралы сұрақты зерттеу маңызды тәжірибелі мағынаға ие.

Бұл жұмыста қазіргі заманғы жер кадастрының мақсатты принциптерінің жүйелері жете баяндалған, оның маңыздылығын ашу әрекеттері жүзеге асырылған, жоспары және ерекшеліктері, қазіргі заманғы кадастрлық жүйелерін талдау, мемлекеттік жер кадастры және жер орналасушылығының негізгі кезеңдері және тенденциялары көрсетілген.

Әдістемесі

Алматы облысы, Қарасай ауданының «Шамалған» өндірістік кооперативінде тауға жапсарлас таулық қара топырағының балл банитеті.

Кесте 1 - Қара шіріндінің мөлшерін өлшеу

Жер құнарлығының түрлері	Ауданы S га	Базалық ставкасы жерге төленетін теңгемен 1 га	Түзету коэффициенті	Нарықтық құны теңге	Балл банитет
Қою қызыл қоңыр					
Суармалы жерлер	0,9	126,9	1,5	171,3	82
Барлығы	0,9			171,3	

Қара шіріндінің құрамы:
$$= \frac{21 \times 3,40 + 14 \times 2,41 + 15 \times 1,97}{50} = \frac{134,7}{50} = 2,7\%$$

Түзету коэффициенттер:

Ауыр сазды топырақтың механикалық құрамы - 0,95

Натрийдің мөлшері (болмауы) – 1,0

Топырақтың тұзсыздығы – 1,0

Тастақ (болмауы) - 1,0

Қуатты топырақ (100 см тереңдігі) – 1,0

Гидроморфностік (жер асы суы 6 метрден терең) – 1,0

Суармалы шаруашылық жерлердің балл банитеті мына формула бойынша анықталады:

$$B = \frac{2,7 \%}{2,5\% (\text{эталон})} \times 100 \times 0,95 \times 1,9 \times 1,9 \times 1,0 \times 1,0 \times 1,0 = 82 \text{ балл.}$$

Сөйтіп, жердің сапасы 82 баллмен бағаланады. Жер топырақ (топырақ) жоғары табиғи құнарлықпен сипатталады [1].

Зерттеу нәтижесі

Жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құрудағы басты мақсат жер ресурстарын басқаратын барлық саланың өнімділігі жоғары компьютерлік технологияларды пайдаланып жүргізетін жер кадастрының жаңа тәсілдерімен формаларына көшу болып табылады.

Автоматтандырылған автоматтық жүйеге сәйкес келетін мәліметтер базаларының жер ресурстары туралы барлық деңгейлерде мекемелермен қызметтер, тиісті министрліктермен ведомосттар, жеке және заңды тұлғалар арқылы сақталатын және пайданылатын ақпараттарды шоғырланады.

Жер кадастры автоматтандырылған ақпараттық жүйе дегеніміз-бұл күрделі көп мақсатты көп деңгейлі көп қызметті үздіксіз дамитын ұйымдастырушылық технологиялық жүйе. Оған кіретіндер:

- жер ресурстарын басқару процесінде ең жоғарғы толық ақпараттық;
- аз уақытта басқарудың барлық деңгейінде ақпараттың өтуі;
- жерді пайдалану жүйесінде басқарудың ең жоғарғы ықпалы;
- басқару жүйесіндегі болып жатқан барлық өзгерістерді дер уақытында байқау және есепке алу.

- жер ресурстарын басқару мақсатында мемлекеттен бөлінген құралдарды тиімді пайдалану;

Жер кадастры автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қызметтік міндетінде есептеу және аналитикалық қызмет ету органы енеді[2].

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ

1. Ұзақ мерзімді және келешекке жоспарлау және болжамдау.
2. Бағдарламалық өнімді игеру және қолданбалы бағдарламалар дайындау.
3. ЖКААЖ облыс орталықтарын әдістемелік және бағдарламалық және материалды техникалық қамтулар.
4. Ақпараттарды талдап қорту.
5. ЖКААЖ облыс және аудан орталықтары кадрларды оқыту.
6. Жұмыс сапасын бақылау, материалды техникалық жабдықтау.

ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙ

1. Орта мерзімді, перспективалы жоспарлау.
2. Картографиялық негіздерді құру.
3. Ақпараттарды талдау және жинақтау жер есептерін құру.
4. ЖКААЖ аудан орталығын әдістемелік бағдарламалық және материалды техникаларды қамтулар.
5. Кадрларды оқыту ;

6. Жұмыс сапасын бақылау;

ЖКААЖ республикалық орталығының негізгі міндеттері:

- республиканың жер ресурстарын басқару процестері туралы ең жоғарғы толық ақпарат;

- елдің жер ресурстары жайлы және пайдалану мәліметтер банкісін белсенді күйде қолдану және жүйелеу;

- заң және орындаушы органдарының және ведомосттарды, ұйымдарды жер кадастры мәліметтерді дер кезінде сапалы қамтамасыз ету;

- мемлекеттік жер кадастрын жүргізудегі негізгі компьютерлендіру және ақпараттандыру және анықтау;

- ақпаратты жүйелеу және кодтаудың жергілікті классификацияларды өңдеуді құжаттарды үйлестіруші формаларының бірыңғай жүйесін құру және енгізу;

- ЖКААЖ қызметшілерін оқыту және сапасын көтеру;

- ЖКААЖ және басқа деңгейдегі ақпараттық жүйе құралдарын пайдалануды енгізуге байланысты жұмыс үйлестіру;

ЖКААЖ республикалық орталығы қазіргі уақытта жаңа құралдармен жабдықтауда және қалыптасуда.

Жер кадастрлық құжаттарды жүргізу, жерді бөлу және жыл сайынғы есепті дайындау ең көп еңбекті қажет етеді. Кадастрлық мәліметтерді алу және дайындау жұмыстардың дерлігі кезеңімен әртүрлі деңгейде орындалатын зерттеуді көрсету ол ақпараттарды өңдеу деңгейлеп жүргізу, мүмкіндігін жасайды. Кіріс және шығыс құжаттары пайда болады. Көбінесе кейбір құжаттар бір деңгейде кіріс, ал басқасында шығыс құжаттары болып табылады [3].

Республика мен облыстар үшін бұл құжаттарға жер туралы, оны жер пайдаланушыларға пайдалануға бөлу туралы, ал аудандар үшін жерді пайдаланушылардың жерді пайдалану болған өзгерістер туралы есептер жатады. Ескертетін жайт Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) кезінде осы жұмыс деңгейін төрт мыңға жуық инженер техник қызметшілер орындаған. Кейіннен автоматтандырылған есептеу жұмыстарын жүргізуде түрлі электронды есептеуіш машина (ЭЕМ) қолданылады, ал соңғы жылдары бұл жұмыстар компьютерленді. Жер кадастрлық мәліметтерді өңдеуде шешілетін негізгі міндеттер төмендегідей:

1. Жер учаскелері, аудан, облыс, республика бойынша жер алаңдарын анықтау;
2. Пайдаланылатын жер алаңдары бойынша жерді есептеу;
3. Жер және ауылшаруашылыққа пайдаланылатын жер сапасын анықтау;
4. Сорттанған жер алаңдарын және олардың жайын анықтау;
5. Аудан, облыстық есептік мәліметтеріне өзгертулер енгізу;
6. Кадастрлық құжаттар есептерін дайындау.

Кадастрлық процеске компьютерлік технологияны енгізуге байланысты, соңғы жылдары жер кадастрды жүргізуді автоматтандыру мүмкіндіктері шұғыл кеңейді. Олай болса, бірінші есепке алуда, жер учаскелерін тіркеу кезінде ол туралы және жер учаскелерін жеке меншікке берген меншік иелерімен жерді пайдаланушылар туралы барлық мәліметтер компьютерлік банкке енгізіледі, яғни олар мемлекеттік жер кадастрлық аудан кітабына енгізілгендер толықтай магниттік тасушыларға беріледі.

Жер учаскелерін тіркеу кезінде, жер кадастрлық іс барлық құжаттармен жүзеге асырылады да, жер учаскесі туралы барлық ақпарат бағдарламаға сай параллель түрде компьютерлерге енгізіледі. Бұл ақпаратты сақтай қоймай, онымен жұмыс істеуге, яғни жердің негізгі және ағымдағы жүргізуге сол сияқты барлық пайдаланылатын жер түрлері. Категориялары бойынша тек аланың ғана емес, сапалық сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Автоматтандырылған есепті жүргізуге қатысты алсақ, қазіргі уақытта мемлекеттік статистикалық есепті жүргізу, яғни жер және категорияларға, жер учаскелерінің иелеріне, жерді пайдаланушылармен пайдалынылатын жерге бөлу есебін ағымдағы жылдың бірінші

қарашасында аудан, қала, облыс, республика деңгейінде қосымшалармен бірге автоматтандырылады [4].

Қазіргі уақытта жер учаскелерін тіркеу негізгі және ағымдағы есепке алу, барлық деңгейде есепті дайындау толықтай автоматтандырылған. Жер учаскелері бойынша ЖКААЖ жүргізуде міндетті тізбесі:

1. Жер учаскесінің кадастрлық номері;
2. Әкімшілік ауданы;
3. Учаскенің орналасқан жері және суреттелуі;
4. Мақсаттық белгілеулері;
5. Бөлінуі;
6. Пайдалану шегі және қиыншылықтар;
7. Учаске алаңы және тағы басқалар.

Жер кадастрын жүргізу, жер учаскелері мәліметтеріне байланысты ақпараттарды шұғыл жинау, оны жер ресурстарын басқаратын агенттік облыс, аудан, қала деңгейінде өңдеу және сақтау жүйелеу жұмыстарын жүргізетін Қазақстан республикасының жер кадастрының автоматтандырылған жүйесін құруды жүргізуге байланысты республикалық жоба жүзеге асырылуда.

Жер кадастры жүйесін автоматтандырудың жаңа технологиялары мен қолданбалы бағдарламалар Алматы облысының аудандарында өндірістік апробациядан өтті. Республиканың барлық өңірлерінде бұл жүйені енгізу және игеру республиканы орналастыру қызметінің материалды техникалық жабдықтардың және қаражаттың жеткіліктігінен тоқталып тұр [5].

Қорытынды

Республикамыздың әр облысында жерлерді экономикалық бағалау, жер-бағалық аудандастыру жүргізілді. Жерлерді экономикалық бағалаудың 3-түрінің бастапқы мәліметтерін математикалық өңдеу нәтижелері негізгі топырақ параметрлері және ауылшаруашылық алқаптары шығымдылықтары арасындағы жоғары корреляциялық байланысты көрсетті. Сондықтан ауылшаруашылық алқаптардың нормативтік бағасын анықтау негізінде нақты учаске /контур/ шығымдылығымен айқындалатын өнімділік қабілеті, жыртылатын жерлер үшін егіс көлемдерінің құрылымы ескеріліп немесе жерлерді бағалауда ең төмен бірлік ретінде бағалық контурлар алынған.

Жерлерді бағалық аудандастыру мемлекет жүргізетін салық, баға саясатын жүргізу, жерлерді қорғау және тиімді пайдалану бойынша шараларды жасау, жер мониторингі, кадастры, қорларын басқару бойынша бірыңғай ақпараттық-есептеу жүйесін құру үшін жерлердің сапасын, бағасын білуге қажет дұрыс материалдармен қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді, сонымен қатар бағалық аудандастыру шаруашылық.

Жерлерді ұтымсыз пайдаланудың нақты себептері заңнама саласында ғана емес, ол экономикалық қаржы саласына да байланысты. Ауыл шаруашылығы экономикасының әлемдік артуы соңғы он жылда негізінен белсенді протекционизм – субсидиялар, бағаларға қосымша ақылар, мақсатты кредиттер үшін кепілдіктер беру, квоталау, кедендік пен салықтық преференциялар есебінен қамтамасыз етілді. Қазіргі кезде жаңа экономикалық саясатты ескере отырып, тікелей қосымша төлемдерді (субсидияларды) толық жою бағдарламасы әзірленуде және сақтандыру бағдарламаларына көп көңіл бөлінуде.

Әдебиеттер

1. Конституция Республики Казахстан - Алматы: Казахстан, 1995. "О земле" Указ Президента Республики Казахстан от 22 декабря 1995г., №2718.
2. Земельное законодательство Республики Казахстан. //Сб. нормативно-правовых актов//. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. - с.7-77.
3. Земельный кодекс РК. Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 255с. Архипов И. Г. Земельное право Республики Казахстан. - Алматы, Борки, 1997.

4. Государственный (национальный) доклад «О состоянии и использовании земель Республики Казахстан на 1 ноября 2003 года. - Астана: Государственное агентство по управлению земельными ресурсами, 2000.

5. Дегтярев И.В. Земельный кадастр. - М.: Колос, 1979. Земельное законодательство республики Казахстан. //Сб. нормативно-правовых актов (с комментариями)// - Алматы: Жеті жарғы, 1998.

Кусаинов Н.Е.

ИССЛЕДОВАНИЕ И УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ АВТОМАТИЗИРОВАННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ ПРИ ОЦЕНКЕ И ИНВЕНТАРИЗАЦИИ ЗЕМЕЛЬ

Аннотация

Земельные ресурсы и качество статьи в электронном виде, на данных земельных и кадастровых (автоматизированная информационная система государственного земельного кадастра), чтобы повысить уровень АИС ГЗК.

Ключевые слова: кадастровый номер земельного участка, кадастровая документация, качественный оценка.

Kusainov N.E.

THE WAYS OF AUTOMATED INFORMATION APPLIED AN ASSESSMET AND INVENTORY OF LANDS

Annotation

Land resources and the quality of the article in electronic form, on the land and cadastral data (automated information system of the state land cadastre) to improve AIS SLC.

Keywords: cadastral number of land cadastral records, quality assessment.

ӘОЖ 631.413.3

Мұстафаев Ж.С., Қозыкеева Ә.Т., Абдешев Қ.Б.

*Қазақ ұлтық аграрлық университеті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті*

ТҰЗДАНҒАН ТОПЫРАҚТЫ ШАЮДЫҢ СУДЫ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӨНДІРІСТІК СЫНАҚТАН ӨТКІЗУДІҢ НӘТИЖЕСІ

Аңдатпа

Тұзданған жерлердің топырағын шаюдың экологиялық-экономикалық тұрғыдан қауіпсіз және тиімді технологиясын өндірістік сынақтан өткізудің нәтижесіне жүйелік талдау жүргізу арқылы, оны болашақта ауылшаруашылық егістік жүйесіне кеңінен пайдалануға болатыны дәлелденген.

Кілт сөздер: Тұзданған топырақ, жер, шаю, технология, ауылшаруашылық дақылдары, экология, экономика, өндіріс, жүйе.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының суғармалы егістік жүйесінде пайдалануға жарамды жердің жалпы ауданы 57.547 млн.га, ал оның 5.403 млн.га ауданы мелиоративтік шараларды қажет етпейтін қалыпты деңгейде болса, 10.638 млн.га ауданы орташа және 8.79